

Жалпы ата-аналар конференциясының хаттамасы № 1

Өткізілген күні: 07.09.2024

Қатысқандар ата-аналар саны: 50

Қатыспағандар: 50

Күн тәртібі:

1. «Бір тұтас әлеміне саяхат» (балабақша меңгерушісі А.С. Мукангалиева)
2. Үлгілік оқу бағдарламасы (әдіскер Майра Нигмашева)
3. Балабақша күн тәртібі (медбике Нұрсұлтанова Нұрайым)

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Ақтоты Мукангалиева

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттары туралы баяндама жасады.

Баяндамасында баланың тәрбиесі мен дамуын біртұтас жүйе ретінде қарастырудың маңыздылығы атап өтілді. Бағдарламаның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарға негізделген, жан-жақты дамыған, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру екені түсіндірілді.

Балабақша мен отбасының өзара тығыз байланыста жұмыс істеуі бағдарламаның табысты жүзеге асуының негізгі шарты екені айтылды.

Сөйлегендер: тәрбиеші Акмарал Мухангалиева.

Балабақшада жүргізіліп жатқан «Бір тұтас әлеміне саяхат» бағыты балалардың жан-жақты дамуына үлкен ықпал етуде. Іс-әрекеттер ұлттық құндылықтарды, адамгершілік тәрбие мен шығармашылықты ұштастыра отырып, балалардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік бар. Бұл бағытты алдағы уақытта да жүйелі жалғастыруды қолдаймын.

Ата-ана: Жанжигитова Гүлназ ересек «Құлыншак» тобының ата-анасы.

«Баяндамадан баланың дамуы тек біліммен ғана емес, тәрбие, қарым-қатынас және қауіпсіз орта арқылы қалыптасатынын түсіндік. Балабақшада жүргізіліп жатқан біртұтас тәрбие бағыты бізді қуантады. Отбасы мен балабақшаның бірлесіп жұмыс істеуі өте маңызды деп санаймын.

2. Әдіскер Майра Нигмашева үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнымен таныстырды.

Баяндамада балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру бағыттары, оқу қызметінің ұйымдастырылуы, дамытушы ортаның рөлі және ойын арқылы оқытудың тиімділігі туралы мәлімет берілді.

Үлгілік оқу бағдарламасының талаптары мен күтілетін нәтижелері ата-аналарға түсіндірілді.

